

**Үйірме жұмыстарының жүргізілу есебі.
2021-2022 оқу жылы**

- | | |
|------------------------|-------------------------------------|
| 1. Ақботаева Ләззат | «Көркемсөз шебері» үйірмесі |
| 2. Батырбек Эльмира | «Шешендік өнер» үйірмесі |
| 3. Бердибекова Сымбат | «Жас эколог» үйірмесі |
| 4. Бекбай Асхат | «Үстел теннисі» үйірмесі |
| 5. Длимбетова Айкерим | «Қызықты математика» үйірмесі |
| 6. Заманханова Нұрайым | «Жас биолог» үйірмесі |
| 7. Нұрлан Ақбота | «Табиғат зерттеушілері» үйірмесі |
| 8. Орынбаева Ғалия | «Қызықты грамматика» үйірмесі |
| 9. Өскенбаева Мадина | «Гимнастика» үйірмесі |
| 10. Түзубек Дархан | «Қыран әскери-патриоттық» үйірмесі |
| 11. Усенов Олжас | «Өлкетану» үйірмесі |
| 12. Сабаншы Салтанат | «Құқық мәдениеті» үйірмесі |
| 13. Торғаев Досымжан | «Ежелгі дәуірдегі Қазақстан тарихы» |
| 14. Ерденова Нұржамал | «Қоршаған әлем» үйірмесі |

13 штат бірлігі бар. **375** оқушы тартылған
(2-4 сыныптар аралығында 170 оқушы, 5-10 сыныптардан 205 оқушы).

Бағыттар бойынша:

Бастауыш – 5 (қызықты математика, қызықты грамматика, көркемсөз шебері, шешендік өнер, қоршаған әлем)

Жаратылыстану – 3 (жас биолог, жас эколог, табиғат зерттеушілері)

Қоғамдық-гуманитарлық – 3 (өлкетану, құқық мәдениеті, еж.дәуірдегі Қазақстан тарихы)

Спорттық – әскери – 3 (гимнастика, үстел теннисі, қыран әскери-патриоттық)

Ақысыз үйірмелер (спорт секциялары)

1. үстел теннисі-Задыбеков Ө
2. жеңіл атлетика-Қыстаубаев С
3. волейбол қыздар-Батырбеков И
4. волейбол ұлдар-Байғон Е
5. футбол-Нұржанов Т
6. футбол-Сапарбеков К
7. шахмат-Дүйсенбеков Т
8. тоғызқұмалақ-Ернарлов А
9. тоғызқұмалақ-Нажимов Н
10. баскетбол-Аманбеков С
11. асық ату-Қайпбек А
12. бес асық-Әбдеш Б Барлығы **240** оқушы

Мектеп бойынша **615** оқушы тартылған.

Үйірме жұмысы оқушылардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін ашып, кәсіби қызығушылықтарын одан әрі жетілдіруге талпындырады. **Үйірме жұмысының мақсаты:** бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау, шығармашыл балаларға қолдау көрсету. Оқушылардың өзі қызығатын саласында практикалық жұмыспен айналысатын бірлестік болғандықтан, оқушымен үйірме сабақтарында топтық және жеке жұмыстар жасалынады.

«Қызықты грамматика» үйірмесінің жетекшісі **Орынбаева Ғалия** үйірме оқушылармен жеке және топтық жұмыс үстінде.



Үйірмедегі оқушылар топта сыныптастарымен ынтымақтаса отырып, қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға, міндетті тең бөлісуге, бірігіп жұмыс жасауға ұмтылады.



«Шешендік өнер» үйірмесіндегі Айказ Жасұлан (әлеуметтік статусы бар) үйірме жетекшісі **Батырбекова Эльмираның** жеке жұмыс жасаған оқушысы. Жасұлан ерекшелігіне қарай жасқаншақтау, сабаққа көңілсіз келеді, қабылдауы жақсы. Оның жеке қалыптасуы мен күш-жігерінің артуына үйірме жетекшісі Эльмира апай ықпал жасап, дербестік қасиетін қалыптастыруға, қиын жағдайдан шығуына жол көрсетіп педагогикалық-психологиялық көмек көрсетіп отырады.



Сондай ақ, оқушыны қоғамдық жұмыстарға қатыстыруда, көркемсөз оқуға жаттықтыруға бейімдеп келеді.



«Гимнастика» үйірмесіне оқушылар қалмай келеді. Үйірме жетекшісі **Оскенбаева Мадинаның** үйірме мүшелері топтық жұмыс барысында ынтымақтастық, өзара әрекеттестікті орната отырып нәтижеге жетуді көздейді. Бірлескен оқу ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалды тұрғыдан дами түседі. Оқушыларда топтық жұмыстар кезінде достық және ұжымдық сезім қалыптасады.



Үйірме жұмыстарында әдістемелік тұрғыда дұрыс ұйымдастырылған ұжымдық сипаттағы оқу іс-әрекеттері арқылы педагогикалық процестің қарама-қайшылықтарын шешуге, яғни әрбір оқушыны тұлға ретінде қалыптастырып дамытуға ықпал жасайтын **Түзубек Дархан «Қыран әскери патриоттық»** үйірмесінің жетекшісі және **«Ұшқыр ой алаңы»** дебаттық клубының жетекшісі.



«Жас биолог» үйірмесінің жетекшісі **Заманханова Нұрайым** үйірме мүшелеріне адам мен табиғаттағы тіршілік әрекетінің өзара байланысын, қоршаған орта заңдылығын күнделікті өмірде меңгертуге мүмкіндік беретін үйірме болып табылады.



«Қызықты математика» үйірмесіне оқушылар қызыға келеді. Жетекшісі **Длиббетова Айкерим** оқушыларға есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, қажеттілігіне қарай білу, түсіну, ойлау дағдыларын іске асыруда жақсы ықпал етеді. Математика үйірмесінің оқушылары сыныптан тыс уақытын тиімді пайдаланып, түрлі іс-шараларда өздерінің қырларын байқап көреді.



«Жас эколог» үйірмесінің оқушыларға экологиялық тәрбие беруде, туған өлкенің табиғатын аялауға, табиғат байлықтарын қорғауға, бос уақытын тиімді пайдалануға жақсы ықпал етеді. Үйірме жетекшісі **Бердибекова Сымбат** мектеп айналасын көгалдандыру жұмыстарына оқушыларын тартып, эчочеллендждерді ұйымдастыруда жоғары сынып оқушылары белсенділік танытып жүр.



«**Көркемсөз шебері**» үйірмесінің жетекшісі **Ақботаева Лаззат**. Бұл үйірме оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойымен ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал жасап, ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамытады.



«**Табиғат зерттеушілері**» үйірмесі оқушыларды табиғатты аялауға, экологиялық мәселелерді бірігіп шешуге, жергілікті жердің климат ерекшеліктерін тиімді пайдалану, қалдықтарды игеру сынды мәселелерді шешуге баулиды. Жетекшісі **Нұрлан Ақбота**.





«Қоршаған әлем» үйірмесі жетекшісі **Ерденова Нұржамал**. Жас жеткіншектерде тұлғалық, қоғамдық және ұлттық сананы қалыптастырып қана қоймай, қоршаған орта туралы білімдерін кеңейтіп, географиялық тұрғыдан ойлауын дамытуға ықпал етеді.



Бекбай Асхат «Үстел теннисі» үйірмесінің жаттықтырушысы.

Оқушылардың сабақтан тыс уақыттарын теннис ойынының техникасы мен тактикасын, ойынның дағдылары мен реттілігін меңгеруге бағыттайды.



Аудандық спорт сайысында жеңімпаз оқушысымен

Үйірме жетекшілері мектептің қоғамдық жұмыстарынан еш қалыспайды.



«Екі жұлдыз» ән байқауы. Бердибекова Сымбат оқушысы Нышанбай Нұраймен



Үйірме жетекшілерінің апталығынан



**«Өнерлі ұстаз» байқауының жүлдегері Заманханова
Нұрайым оқушысы Байсын Арманмен**



«Өнерлі ұстаздар»



**Бастауыш сыныптар арасындағы «Жігіт сұлтаны»
байқауы. Ұйымдастырушысы Длимбетова Айкерим**



«Әкем, анам және мен» спорттық толағай сайысында



«Сегіз қырлы, бір сырлы әріптестер»

2021-2022 оқу жылындағы жетістіктер



Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Қазақстан балалары шексіз әлемде» балалар кинофестивалінің аудандық кезеңі бойынша «Киножурнал» номинациясымен оқушысы марапатталып, облыстық кезеңге жіберілді. Жетекшісі Орынбаева Ғалия



**«Фариза, Фаризажан, Фариза қыз» республикалық
Ф.Оңғарсынованың өлеңдерін мәнерлеп айтудан
жүлдегер оқушылармен бірге
Жетекшісі Батырбекова Эльмира**



**Ыбрахан Айару бас жүлде; Жұмахан Жания, Сайратқызы
Сымбат, Қолдас Мариям, Әсет Раяна 1 орын иегерлері**



«Үшқыр ой алаңы» дебаттық клубының мүшелері **Жамбыл Өткел, Шойынбекқызы Іңкәр** «Ата Заңым айбыным» дебаттық пікірталастың облыстық кезеңінде (сәуір айында) бақтарын сынайтын болады.



Аудан мектептері арасында «Үздік төреші» Түзубек Дархан –
дебат жетекшісі

